

«Тәртіп және құқық» №37 (565) 17.09.2015ж.

### Мәнді де тартымды кездесу

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 2015 жылдың 8 қыркүйегінде Тәжікстан және Қырғызстан Республикаларының 3-4 курс тыңдаушыларымен және Тәжік, Қырғыз диаспорларының өкілдерімен мәнді де тартымды кездесу өткізілді.

Аталған кездесуге Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, Қостанай облыстық «Шарқ» Ұлттық – мәдени бірлестігінің төрағасы Э.Э.Холметов, «Асаба» Қырғыз этно – мәдени бірлестігінің төрағасы Қ.У.Бедельбеков, Қостанай облыстық прокуратураның аға прокуроры С.Т.Нұрғазинов шақырылды.

Кездесуді Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Е.Т.Қаппасов ашты. Полиция полковнигі Е.Т.Қаппасов: «Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен ішкі істер органдары үшін сотталғандарды түзеу және жазаларды орындау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, кәсіптік жоғары заң және жоғары психологиялық педагогикалық білімі бар мамандарды даярлайтын мамандандырылған оқу орны болып табылады.



2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Академияның келісімшарт жасау негізінде Тәжікстан Республикасының азаматтары білім алуда. Осы уақыт аралығында 27 тыңдаушы оқуын жемісті аяқтап, өз туған елінде қызмет атқаруда.

Биылғы жылы Елбасының қаржы полициясын тарату туралы жарлығына сәйкес біздің оқу ордамызға білімін одан әрі жалғастыру мақсатында, 10 тыңдаушы Тәжікстан Республикасынан және 5 тыңдаушы Қырғызстан Республикасынан келді.

Бүгінгі таңда, Қостанай академиясы INTERPA Халықаралық 4-ші конференцияның шешімі бойынша Полициялық академиялардың халықаралық ассоциациясы (INTERPA) құрамына кірді. Онда 45 елдің 53 жоғары оқу орындарының мүшелері болып табылады. Полициялық академиялардың халықаралық ассоциациясы (INTERPA) құқық қорғау органы үшін кәсіби маман кадрларды даярлау облысында басты ұйым болып табылады. Бұл оқу ордасы басшылығының және профессорлық – оқытушылар құрамының табанды жұмыс жасауының жемісі» деп сөзін тәмамдап, келесі сөз кезегін шақырылған қонақтарға ұсынды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, Қостанай облыстық «Шарқ» Ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Э.Э.Холметов: «2008 жылғы 20 ақпандағы ЕврАзЭС шеңберінде қылмыстық жазаларды атқару облысында ынтымақтастық туралы келісімшарт келісіміне сәйкес Тәжік Республикасы Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі арасында әділет мекемелерінің және органдар қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастықты нығайту және өзара қарым-қатынас туралы келісімшартқа қол қойылды. Полиция полковнигі Ербол Қаппасов айтқандай, 2009 жылдан бастап оқу ордасында тәжік Республикасының тыңдаушылары білім алуда.

Бүгінде міне, оқу ордасының 3-4 курс тыңдаушыларының қатарын Тәжікстан және Қырғызстан Республикаларының азаматтары толықтырып жатыр. Біздер Академиямен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарамыз. Академияда тыңдаушылар үшін барлық материалдық-техникалық жағдайлар жасалынған. Тыңдаушыларға білімі мол, кәсіби маман профессорлық-оқытушылар құрамы сабақ береді, сонымен қатар ғылыми, зерттеу жұмыстары жоғары деңгейде дамыған. Өз атымнан Академияның басшылығына, профессорлық-оқытушылар құрамына және қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін».

«Асаба» Қырғыз этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Қ.У.Бедельбеков: «Академия басшылығына тыңдаушылардың білім деңгейлерін шындау үшін барлық жағдайлардың жасалғандығы үшін өз ризашылығын білдірді».

Қостанай облыстық прокуратурасының аға прокуроры С.Т.Нұрғазинов: «Қазақстан Республикасы – егеменді және тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін баянды етті.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тыңдаушыларды парасатты, әділеттің ақ жолынан таймайтын,

адамгершілік қасиеті мол, адамды қылмыстық және басқа да қол сұғушылықтан қорғауға дайын, тәртіпті қырағылықпен қорғайтын кадрларды тәрбиелеуде. Оқу ордасында тыңдаушылардың білімдерін дамытып, кәсіби маман иесі болуларына жан-жақты барлық жағдайлар жасалынған».

Кездесу барысында Академия бастығының орынбасары полиция подполковнигі А.Ж.Нурушев, тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы полиция полковнигі Б.Х.Құрманғалиева, тәрбие жұмысы бөлімінің инспектор-психолог З.Қ.Абылхасенова сөз сөйлеп, тыңдаушыларға білім қоржынын одан әрі байытуға тілек білдірді. Тәжікстан және Қырғызстан Республикаларынан келген 3-4 курс тыңдаушылары бірқатар сұрақтарын қойып, оқу ордасының басшылығына өздерінің ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында, полиция полковнигі Е.Т.Қаппасов: «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1287 қаулысымен «Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы» мемлекеттік мекемесіне қазақстан милициясының тарихында генерал-лейтенант атағын тұңғыш иеленген және екі рет министр болған ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіру мақсатында көп үлес қосқан белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Осындай керемет қоғам қайраткерінің есімі берілген оқу ордасында білім алып, білікті маман болу, Сіздер үшін мақтаныш!».



Бүгінгі таңда, біздің жас офицерлеріміз Елбасы жүктеген тапсырмаларды абыроймен атқарып, өз кәсібінің білікті мамандары болып қызметтерін атқарып жүр. Қостанай академиясының тыңдаушылары ғылым жолында, қоғамдық

өмірге, саясатқа араласып, белсенді жұмыстар атқаруда. Тыңдаушыларымыз республикалық, облыстық және өңіраралық деңгейлерде өткізіліп жатқан әртүрлі ғылыми-зерттеу, қоғамдық, мәдени-көпшілік және спорттық шаралараға қатысып жүлделі орындар иеленуде. Қазіргі заманда, білімді, сауатты, мәдениетті адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыған орай, Сіздерге білім жолын шыңдап, білікті маман болып, биік белестерден көрінетіндеріңе кәміл сенемін!» деді.

Сондай-ақ, шақырылған қонақтар оқу ордасының мұражайына экскурсия жасап, естелікке суретке түсті.

Орынбасар Уақпаева  
Қазақстан Республикасы ІІМ  
Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының  
Баспасөз хатшысы